

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы
ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D011 - Педагогика және психология (6D010300/8D01101 - Педагогика және психология) бағыты бойынша Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

2023 жылы 8D011 - Педагогика және психология (6D010300/8D01101-Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін құрылған диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесінің 11 отырысы өткізілді (31.01.2023-30.12.2023).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Айтуарова Азиза Малдыбаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2. Исаев Абдінабі Исаұлы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

3. Курманбекова Маншук Беркиновна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

4. Әбдімуса Жұлдыз, Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті;

5. Казиева Аида, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

6. Желдибаева Райгуль Сериковна, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;

7. Қуатбеков Асхат, Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті;

8. Абилдаева Гульназ Сайлауовна, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;

9. Елубай Еркинай, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

10. Косшыгулова Алия Сериковна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

11. Дементьева Наталья Григорьевна, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті.

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Айтуарова Азиза Малдыбаевнаның диссертациясы бойынша:

1) *Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту.

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д.профессор Абсатова М.А., философия докторы (PhD), профессор Мехмет Коркмаз.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 31- қаңтарда өтті.

2) *Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым зерттеушілер еңбектерін талдауымен айқындалды;

- «Студенттердің оқырмандық мәдениеті» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды;
- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік арқылы дәлелденді түсінуіне жағдай жасау; медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету сияқты психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығы нақтыланып, негізделді.

2) *Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Докторанттың зерттеу жұмысының тақырыбы «Білімді ұлт». «Сапалы білім беру» (12.10. 2021) ұлттық жобасының, "Оқырман ұлт ", "Рухани жаңғыру" жобалардың міндеттеріне сәйкес келеді.

2) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленді:

- «Оқырман шеберханасы» клубының жұмысы; - «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы;

- Педагогика және психология БББ-дағы «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру» элективті пәніне енгізілген практикалық материалдар (семинар сабақтары мен СӨЖ).

Зерттеу нәтижелері студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуға бағытталған нақты әзірлемелер жоғары оқу орнындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты (БЖИ) тәжірибелерінде пайдалануға болады.

Исаев Абдінабі Исаұлының диссертациясы бойынша:

1) *Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау.

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

F

Диссертация Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

ы Қорғау 2023 жылы 17 - наурызда өтті.

м 2) Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

и 1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Осы проблеманы жүзеге асырудағы жоғары оқу орнының әлеуеті анықталып, басты әдіснамалық амалы тұрғысынан үдерістік тұғыр негізделді;

ң 2. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне ғылыми сипаттама берілді. Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылаудың құрылымдық элементтері мен олардың өзара байланысы анықталып, оған болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың әрекетшіліктері айқындалды. «Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды;

л 3. Іс-әрекет теориясына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрамы мен әлшемдері, рәрсеткіштері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

і 4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау әдістемесі ақыл-ой қызметін кезеңдеп қалыптастыруға сәйкес оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға негізделіп жасалды.

п

.

ғ

.

3) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Диссертация тақырыбы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген маман даярлығын жүзеге асыруға сәйкес келеді. Сондай-ақ, ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы Заңы» мазмұнында көрсетілген білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі және спорт түрлері бойынша іс-әрекеттерді ұйымдастыру үшін маман даярлауға бағытталады.

4) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

- «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курс бағдарламасы жасалды және оқу үдерісіне ендірілді;

- «Оқушыларды дене тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру», «Гимнастиканы оқыту әдістемесі» атты оқу құралдары даярланды;

- Педагогикалық тапсырмалар (сұрақтар, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері; бағалау және сынама-тест үлгілері) әзірленді;

- «Қазіргі жағдайдағы жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық қызметі» атты педагогтарға арналған семинар бағдарламасы жасалды.

Диссертациялық зерттеу бойынша қол жеткізілген ғылыми-теориялық нәтижелерді және солардың негізінде әзірленген әдістемелік ұсыныстарды, практикаға бағытталған оқу материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, дене шынықтыру-спорт ұйымдарының тәжірибесінде, спорт педагогы мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдалануға болады.

Курманбекова Маншук Беркиновнаның диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Болашақ педагог-психологты жасөспірімдерді жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке баулуға даярлау.

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Хан Н.Н., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Абдуллаева Гүлзира Олжабекқызы, п.ғ.д., профессор Колева И.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 30- мамырда өтті.

2) *Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

– «Жасөспірімдердің жобалық-зерттеушілік іс-әрекеті», «Болашақ педагог-психологты жасөспірімдерді жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке баулуға даярлау» ұғымдары нақтыланды және «Болашақ педагог-психологтың жасөспірімдерді жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке баулуға даярлығы», «Жасөспірімдердің жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке даярлығы» ұғымдары тұжырымдалды;

– болашақ педагог-психологтың жасөспірімдерді жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке баулуға даярлығының құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

– жасөспірімдердің жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке даярлығының моделі жасалды, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды;

– жасөспірімдер мен болашақ педагог-психологтың жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке даярлығы арасындағы байланыс негізделді;

– студенттердің жасөспірімдерді жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке баулуға даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды;

– болашақ педагог-психологтың жасөспірімдерді жобалық-зерттеушілік іс-әрекетке баулуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

3) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Докторанттың зерттеу тақырыбы «2021- 2025 жылдарға арналған "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына», «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес келеді.

4) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін болашақ педагог-психологтарды дайындау процесінде және мектеп психологтарының кәсіби іс-әрекетінде қолдануға болатынында, атап айтқанда:

– Абай атындағы ҚазҰПУ-де болашақ педагог-психологтарды дайындауға арналған оқу жоспарына енгізілген «Педагогикадан ғылыми жобаларды ұйымдастыру және жоспарлау» оқу пәнінің мазмұнына бейімделіп, үйлестірілді;

– болашақ педагог-психологтарды жасөспірімдерді жобалау және зерттеу іс-әрекетіне баулуға даярлық деңгейін диагностикалау әдістерінің кешені таңдалды;

– жасөспірімдердің жобалау-зерттеу іс-әрекетіне дайындық деңгейін диагностикалау құралдары таңдалды.

Әбдімуса Жұлдыздың диссертациясы бойынша:

1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – ЖОО студенттерінің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау.

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – псих.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ қауым. профессор Тапалова О.Б., псих.ғ.д., профессор Бурлачук Л.Ф.

Диссертация Академик А.Қуатбеков атындағы халықтар Достығы университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 30 - мамырда өтті.

2) Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. «Студенттердің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау» ұғымының авторлық мәнді сипаттамасы жасалды;

2. Заманауи студенттердің эмоционалды жағдайын реттеудің педагогикалық шарттары білім берудегі цифрлық трансформацияның олардың эмоционалды жағдайына ықпалымен, академиялық үлгерімімен және кәсіби дайындық кезеңдерімен өзара байланысты негізделіп, анықталды;

3. Студенттердің кәсіби қалыптасу процесінде олардың эмоционалды жағдайларын психологиялық-педагогикалық бағалаудың құрылымдық-функционалды моделі жасалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстармен тексерілді;

4. «Эмоционалды теңгерім», «Мотивациялық теңгерім» түзету тренингтерін қамтитын студенттердің эмоционалды күйлерін реттеудің эксперименттік бағдарламасы әзірленді және практикаға ендірілді, оның өнімділігі тәжірибелік-эмпирикалық жұмыстармен тексерілді.

3) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында студенттердің денсаулығын нығайтуға арналған нысаналы индикаторға басымдық берілген. Бұл өз кезегінде ЖОО қоғамдастығының алдына олардың эмоционалды денсаулығын қалыптастыру проблемаларының шешімін іздеуді қояды. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі бағыттарын іске асыруда студенттердің эмоционалды

жағдайын қамтамасыздандыру, ЖОО-дарының қолайлы психологиялық ахуалын құру және білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету қажеттілігі атап өтіледі. Мұның бәрі зерттеу проблемасының мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін көрсетеді.

4) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

«Эмоционалдық күйлер психологиясы» элективті курсы; оқушылардың оң эмоционалдық жағдайын қалыптастыруға арналған түзету бағдарламалары «Мотивациялық тепе-теңдік», «Эмоционалдық тепе-теңдік» эксперименттік бағдарлама әзірленді және сынақтан өтті.

Диссертациялық зерттеудің алынған нәтижелері оқу процесін оңтайландыру мақсатында жоғары кәсіби білім берудің психологиялық-педагогикалық тәжірибесінде қолданылуы мүмкін.

Казиева Аиданың диссертациясы бойынша:

1) *Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – «Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары»

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – психол.ғ.д. профессор Жиенбаева Надежда Бисеновна; психол.ғ.д. профессор Конрад Решеке.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 29 - маусымда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- теориялық және практикалық дереккөздерді тұжырымдамалық талдау негізінде студент жастардың психологиялық денсаулығы тұрғысынан «Қысымға төзімділік» ұғымына авторлық анықтама берілді;

- бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталып, ғылыми тұрғыда негізделді;

-қысымға төзімділіктің маңызды компоненттері және жоғарғы оқу орнының білім беру ортасында бірінші курс студенттеріне қысым туғызатын факторлар анықталды;

-бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі мақсаттық, мазмұндық-процессуалдық, ұйымдастырушылық-технологиялық және бағалау блоктарының тұтас қызметімен дәлелденді;

- авторлық және «Қысымды басқару» атты цифрлық бағдарламасы, ұсынылған жаттығулар мен психологиялық тренингтер кешеннің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді.

2) *Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

«Сапалы білім», «Білімді ұлт» ұлттық жобасында Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, болашақ мамандардың денсаулық сақтау құзыреттілігі қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі бағдары ретінде стратегиялық көрсеткіштерге айналуы тиіс екендігі туралы айтылған.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасының нысаналы бағыттары студенттер үшін «Салауатты университеттерді» ілгерілету болып табылады, бұл өз кезегінде жоғары оқу орындары қауымдастығының алдына қазіргі студенттердің қысымға төзімділік деңгейін кешенді зерттеу арқылы оларды шешуді алға тартып отыр.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында студенттері мен қызметкерлерінің эмоционалдық әл-ауқатын сақтау мақсатында университеттердің қолайлы әлеуметтік-психологиялық

ахуалын құру қажеттігі және білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында психологиялық қызметтер жетілдірілетіні көрсетілген. Берілген құжатта студенттердің мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін физикалық және виртуалды кеңістік құру қажеттігі ерекше аталады.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Докторант:

- бірінші курс студенттері үшін: 5B070400 – Компьютерлік технологиялар және бағдарламалық қамтамасыз ету, 5B090600 – Мәдени және бос уақыттағы жұмыс, 5B051100 – Маркетинг, 5B050300 – Психология, 5B030100 – Құқықтану, 5B080200 – Менеджмент бірінші курс студенттері үшін «Стресс психологиясы» элективті курсы әзірленді және енгізілді (2 кредит);

- «Стресс психологиясы» элективті курсы бойынша пән бағдарламасы (силлабус), емтихан сұрақтары әзірленді;

- бірінші курс студенттері арасында стресске төзімділікті дамытудың өзіндік бағдарламасын әзірлеп, енгізді;

- элеуметтік-психологиялық тренингке арналған жаттығулар кешені әзірленді және ұсынылды;

- «Стресті басқару» цифрлық бағдарламасы әзірленді және енгізілді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді, олардың негізінде жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды, құрастырылған бағдарламаларды оқу процесінің субъектілері пайдаланылуы мүмкін.

Желдибаева Райгуль Сериковнаның диссертациясы бойынша:

2) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Білім беру бағдарламасы: 8D01101 – «Педагогика және психология»

Ғылыми кеңесшілері – философия докторы (PhD) Сапарғалиева А.Ж., педагогика ғылымдарының докторы, профессор Rimantas Zelvys.

Диссертация Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 29 - маусымда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні анықталып, құрамы айқындалып, оның сипаттамасы негізделді;

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерге сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалды;

3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды және тұжырымдамалық, мазмұндық және нәтижелік бөліктерден тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

4. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдерден тұратын әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Диссертация тақырыбы мен алынған нәтижелер ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «2029 жылға дейін жоғары білім беруді дамыту саясатын іске асыру заңнамалық негізді, ЖЖОКБҰ-ның дербестігін, университеттер мен ғылыми институттарға таланттарды тартуды, білім мен құзыреттілік деңгейін арттыруды, жаһандық құзыреттерді ескере отырып, дамушы

технологиялар мен болашақ экономикасына негізделген ЖЖОКБҰ-ның заманауи білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етуге бағытталған», – деп көрсетілуі, өз кезегінде, болашақ педагог-психологтардың бәсекеге қабілетті болуын, кәсіби құзыреттілігін дамытудағы жаңашыл, жаһандық талаптарға сәйкес жолдарын қарастыруды талап етеді.

Осыған орай, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» міндетінің үшінші іс-шарасы ретінде дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту бойынша үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету, оның ішінде техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін қолдау және «апгрейд» көрсетілген.

3) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Білім беру мазмұнын жаңартуға арналған «Formation of global competence in the context of higher education» атты элективті курсының бағдарламасын және «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингті жоғары оқу орындарында іске асыру арқылы педагог-психологтарды дайындау үрдісін модернизациялау, сапасын арттыруға ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыс бойынша қол жеткізілген ғылыми-теориялық нәтижелерді және олардың негізінде әзірленген әдістемелік ұсыныстар ЖОО-ның білім беру үрдісінде, осы бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру және қайта дайындау курстарында, практикаға бағытталған бағдарламаларын әзірлеу кезінде, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қуатбеков Асхаттың диссертациясы бойынша:

1) *Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Болашақ білім беру менеджерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыруды психологиялық-педагогикалық қолдау.

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – псих.ғ.д., қауым. профессор Тапалова О.Б., псих.ғ.д., профессор

Бурлачук Л.Ф.

Диссертация Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 30-маусымда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. Болашақ білім беру менеджерінің медиақұзыреттілігінің *авторлық анықтамасына* негізделген «болашақ білім беру менеджерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыруды психологиялық-педагогикалық қолдау» *ұғымына* анықтама берілді;

2. Жеке қасиеттер (сыни ойлау, шығармашылық белсенділік, ынталану, операциялық дайындық, коммуникативтік рефлексия) мен негізгі медиақұзыреттер (медиаконтентті түсіндіру және генерациялау, цифрлық сауаттылық) арасындағы медиаақпараттарды, медиаресурстар мен медиатеchnологияларды сауатты пайдаланудағы тәуелділік эксперимент жолымен анықталды.

3. Болашақ білім беру менеджерінің медиақұзыреттілігін (кұрауыштары, көрсеткіштері, критерийлері мен деңгейлері) қалыптастыруға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету моделі әзірленді, оның тиімділігі эксперимент жолымен тексерілді;

4. Тренингтік бағдарлама, «Цифрлық этикет» және «Медиақұзыреттілікті қалыптастыру негіздері» атты авторлық элективті курстар негізінде болашақ білім беру менеджерінің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың авторлық бағдарламасы әзірленді.

2) *Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

ҚР Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білімнің цифрлық құрылымына ерекше назар аударылады, онда

барлық кәсіби стандарттардың басым және міндетті құрамдас бөліктеріне айналатын медиақұзыреттерді дамыту өзгеріссіз беріледі.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы ақпараттық-цифрлық ресурстардың рөлін өзекті етеді. Білім беру үдерісін толық цифрландыру жағдайында медиақұзыреттілікті қалыптастырудың рөлі ерекше атап өтіледі. Қазіргі кезеңде кәсіби құзыреттер кешенінің ішінде медиақұзыреттіліктің рөлі маңызды болып отыр.

3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Болашақ білім беру менеджерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету моделін іске асыру барысында бағдарламалар, элективті және онлайн курс, диагностикалық құралдар дайындалды:

1. Медиақұзыреттілігін қалыптастыруды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын 7M0111 «Педагогика және психология», 7M0113 – «Білім берудегі менеджмент»; 7M01105 – «Білім берудегі педагогика және менеджмент»; 7M0413 – «Білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде қосымша ретінде пайдалануы мүмкін;

2. Болашақ мамандардың жеке медиа-құзыреттілік дәрежесінің субъективті бағасын диагностикалауға арналған авторлық сауалнамасы;

3. Болашақ білім менеджерінің сыни тұрғыдан ойлауын, мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық-құндылық және мінез-құлық компоненттерін дамытуға бағытталған психокоррекциялық жаттығулар кешенінен тұратын тренингтік бағдарлама;

4. «Цифрлық этикет» онлайн курсы және болашақ білім беру менеджерінің негізгі медиақұзыреттіліктерін дамыту бойынша «Медиақұзыреттілігін қалыптастыру негіздері» элективті курсы;

5. «Заманауи білім беру менеджерінің медиақұзырлығы» оқу-әдістемелік құралы.

Зерттеудің практикалық нәтижелерін болашақ білім беру менеджерлерін кәсіби даярлау тәжірибесінде және қазіргі білім беру менеджерлерінің олардың кәсіби сәйкестігі және кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру процесінде пайдалануға болады.

Абилдаева Гульназ Сайлауовнаның диссертациясы бойынша:

1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Жаңартылған білім беру мазмұны процесінде қазіргі мектеп оқушыларының жетістік мотивациясын дамыту

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – психол.ғ.д., Жиенбаева Н.Б., психол.ғ.д., профессор

Бурлачук Л.Ф.

Диссертация Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 28-тамызда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- теориялық және тәжірибелік дереккөздерді тұжырымдамалық талдау негізінде «нәтижеге жету мотивациясы» түсінігінің маңызды сипаттамасы берілген, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайы мен оқушылардың жасөспірім шағындағы онтогенетикалық дамуы ерекшеліктеріне сәйкес авторлық «қазіргі заманғы оқушылардың нәтижеге жету мотивациясының дамуы» анықтамасы ұсынылған;

- жасөспірімдердің нәтижеге жету мотивациясын мақсатты түрде дамыту үшін, соның ішінде жаңартылған білім беру мазмұны бар орта білім беру саласындағы жаңашаландыру реформаларын іске асыруға септігін тигізетін заманауи мектептің психологиялық-педагогикалық шарттары мен басқару әлеуеті айқындалды;

- жасөспірім шақтағы оқушылардың нәтижеге жету мотивациясын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, мақсатты, мазмұндық-процессуалдық, ұйымдастырушылық-технологиялық және бағалау компоненттерінің біртұтас жұмыс істеуі арқылы сынақтан өткізілді;

- жасөспірімдердің нәтижеге жету мотивациясын дамыту мен оқыту нәтижесін сапалы түрде өзгертудің инновациялық бағдарламасын, диагностикалық құралдарды қамтитын іс-әрекеттер жүйесінің тиімділігі тәжірибелік эксперимент жолымен дәлелденді.

2) *Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

білім беру мазмұны жағдайында қазіргі заманғы оқушылардың нәтижеге жету мотивациясын дамыту әдіснамасының ғылыми негіздемесі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары (2023-2029 ж.б.) міндеттерінде белгіленген.

Қазіргі заманғы оқушылардың (жасөспірімдердің) нәтижеге жету мотивациясын дамытуға жасалған модельдің мақсаты мен мазмұны ұлттық «Сапалы білім. Білімді ұлт» жобасының негізгі қағидаттарына сәйкес.

3) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Автордың диагностикалық құралдарын (оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер үшін жетістік мотивациясын дамытудың маңыздылығын түсінуге арналған сауалнамалар), оқушылардың жетістіктерінің мотивациясын дамытуға арналған инновациялық бағдарламасын қазақ орта мектептерінің оқу үрдісінде пайдалануға болады.

Жасөспірімдердің жетістік мотивациясын дамытудың әзірленген және енгізілген психологиялық-педагогикалық моделі және инновациялық бағдарлама әдістемелік құнды болып табылады және педагогикалық мамандықтардың студенттері үшін пайдалы болады; Алынған эксперимент нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар білім беру ортасын жобалау және зерттеу үшін тиімді.

Елубай Еркинайдың диссертациясы бойынша:

2) *Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру

Мамандық: 6D010300 – Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Абдигапбарова У.М., философия докторы (PhD) William C. Diehl

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2023 жылы 26 – желтоқсанда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі ұғымының мәні нақтыланды, құрамы айқындалып, мазмұндық сипаттама берілді;

– жаппай ашық онлайн курстардың контенттік және процессуалдық мазмұны айқындалып, мәндік сипаттамасы жасалды. Оның болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері анықталып, ЖАОК аталған қалыптастыру процесінің құралы тұрғысынан негізделді;

- болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалды және аталған қалыптасудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

– болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді.

2) *Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Зерттеудің негізгі идеясы Ұлт жоспарының «100 нақты қадам» бағдарламасы, Республиканың 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын» іске асыру бойынша жеті басым саясаттың «Жаңа адами капитал» алғашқы реформасы, «Цифрлық педагог» білім беру жобасы, 2023 жылдың наурызында ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту траекториясы қатарына тұратын жеріне және әлеуметтік мәртебесіне байланысты білім беру сапасындағы алшақтықтан сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіруде мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтары, тірек мектеп, құзыреттілік орталықтары, «цифрлық педагог», жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктерді жүзеге асыру қажеттілігі көрсетілген. Бұл болашақ цифрлық педагогты даярлауды тиімді жүзеге асыруды, жоғары педагогикалық оқу орындарының осы бағыттағы мүмкіндіктерін, ғылыми-әдістемелік зерттеу мен оның нәтижелерін практикаға ендіруді талап етеді.

3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Жаппай ашық онлайн курсы жобалау» курсы (бейнедерістер/мәтіндер, электронды оқу тапсырмалар жиынтығы, викториналар, желілік пікірсайыс форумдары) жоғары және арнаулы оқу орындарының тәжірибесінде болашақ және қазіргі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде қолданылуға мүмкіндік береді.

Косшыгулова Алия Сериковнаның диссертациясы бойынша:

2) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары.

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.к., доцент Сарсенбаева Л.О., PhD доктор Туркер Курт.

Қорғау 2023 жылы 26 - желтоқсанда өтті.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мәселесінің психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылып, ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде теориялық тұрғыда негізделген;

2. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, «студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру» ұғымы нақтыланған;

3. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың мәні, құрылымы және мазмұны анықталып, студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары негізделген;

4. Университеттің білім беру үдерісінде студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың компоненттерді, психологиялық-педагогикалық шарттарын, даму кезеңдері мен деңгейлерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.

5. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасы әзірленіп, оның тиімділігі эксперименталды түрде тексерілген және ұсыныстар берілген.

2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік бағдарламасында жоғары білім беруді

жаңғырту ХХІ ғасырдың жаһандық және заманауи құндылықтар құзыреттілігі тұрғысынан жүзеге асырылатындығы және экономиканы технологиялық жаңғырту жағдайында елге құзыреттіліктердің әмбебап жиынтығы және жүйелі ойлау қабілеті бар кадрлар қажетігі атап көрсетілген.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: студенттердің қабілеттерін сипаттайтын оқытудың дескрипторлары - осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету; кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу; әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру; оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану; оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну; академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну нәтижелерін жинақтай білу қажеттігі көрсетілген. Сондықтан студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары шешімдерін табу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланыстылығын танытады.

3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Автор әзірлеген студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруының даму деңгейлерін анықтау өлшемдерін, сондай-ақ диагностикалық құралдар кешенін студенттер тұлғасын диагностикалау, дамыту және психологиялық түзету процесінде, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінде қолдануға болады.

Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасын психологтар, әдвайзерлер, студенттер онлайн және аралас оқыту жағдайында қолдана алады.

«Педагогика» курсы бойынша студенттердің өзіндік жұмысына «Әдістемелік ұсынымдар», педагогикалық тапсырмаларды (сұрақтар, тест тапсырмалары, оқу тапсырмалары, оқу тапсырмалары; бағалау және сынақ-тест үлгілері) педагогикалық пәндерді оқытуда қолданылуы мүмкін.

Дементьева Наталья Григорьевнаның диссертациясы бойынша:

3) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру жағдайында жоғары сынып оқушыларының басқарушылық біліктіліктерін қалыптастыру.

Мамандық: 6D010300 – Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Кошербаева А.Н., п.ғ.д., профессор Куламбаева К.К..

Қорғау 2023 жылы 30 - желтоқсанда өтті.

Диссертация А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде орындалған.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. Нормативтік құжаттарды, іргелі дереккөздерді, құрылымдық және когнитивті талдау әдістерін зерделеу негізінде басқарушылық және психологиялық-педагогикалық тәсілдерді синтездеуде зерттеудің теориялықәдіснамалық негіздері әзірленді; «Оқушылардың басқарушылық біліктіліктері» және «Жоғары сынып оқушыларының басқарушылық біліктіліктерін қалыптастыру» ұғымдарына авторлық анықтамалар ұсынылды. Авторлық анықтама жүйеліліктің, синергетиканың, тұлғаға бағдарланудың, парсипативтіліктің тұғырларының және менеджменттің центристік принциптерінің интеграцияланған әдіснамалық теорияларына негізделген.

2. Жоғары сынып кезеңіндегі ғылыми-әдістемелік ерекшеліктер қазіргі заман талаптары мен қоғамдық сананың трансформациясын есепке ала отырып, басқарушылық біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін доминанттар ретінде негізделген;

3. Заманауи мектептердің білім беру ортасының психологиялық және педагогикалық жағдайларының кешені, принциптері мен факторлары айқындалды; контент-талдау, құрылымның ыдырауы және мәдени сәйкестілік қағидаты бойынша оқушының өзін-өзі басқаруы туралы ереже және стейхолдерлердің қызметі ұсынылды; құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді, бағалау компоненттері, деңгейлері мен индикаторлары анықталды.

4. «Болашақ менеджер мектебі» және «Адаптивті көшбасшылық» атты студенттік өзін-өзі басқарудың кешенді бағдарламасы, әдіс-тәсілдерден тұратын зерттеу процедуралары мен модель кешені негізінде жоғары сынып оқушыларының басқарушылық біліктіліктерін қалыптастыру бойынша мақсатты педагогикалық іс-әрекет жүйесі жасалды. Бағдарламаның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді⁷

2) *Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының және ҚР «Сапалы білім беру»; «Білімді ұлт» ұлттық жобасының мақсаттарына сәйкес келеді. Білім беру жүйесінің экспорттық әлеуетін дамыту үшін бәсекеге қабілетті жастарды дамытуға бағытталған «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламасының 76- 79 ұстанымдарына сәйкес келеді.

3) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

«Болашақ менеджер мектебі» жоғары сынып оқушыларының басқару дағдыларын дамытудың кешенді бағдарламасын; «Бейімделетін көшбасшылық» тақырыптық жоспарлау бағдарламасын; «Бағалау және өлшеу шкалалары» әдістемелік нұсқаулығын; студенттердің өзін-өзі басқаруы туралы ережені; сынып жетекшісі туралы ережені жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметінде де, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда да пайдалануға болады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде досторанттардың зерттеу жұмысына 5 мақаласы және ғылыми бағыты сәйкес келетін ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторанттың диссертациясын талапқа сай талдап, өз шешімдерін ұсынды.

Айтуарова Азиза Малдыбаевнаның диссертациясы бойынша:

1. Токсанбаева Нургул Коргаджановна – психология ғылымдарының докторы, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 19.00.01);

2. Калимжанова Роза Лаиковна – философия докторы (PhD), доцент, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты (Арқалық қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану).

Исаев Абдінабі Исаұлының диссертациясы бойынша:

1. Муратбаева Гулнар Абылкасимовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.08);

2. Исаков Тайыржан Бахытбаевич – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010800 – Дене шынықтыру және спорт).

Курманбекова Маншук Беркиновнаның диссертациясы бойынша:

1. Утегенова Бибикуль Мазановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қаум.профессор, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті (Қостанай қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.01);

2. Алимova Шолпан Жанболатовна – философия докторы (PhD), Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Павлодар қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300 - Педагогика және Психология).

Әбдімуса Жұлдыздың диссертациясы бойынша:

1. Муратбаева Гулнар Абылкасимовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры:13.00.08);

2. Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич - психология ғылымдарының докторы, профессор, Тұран университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры:19.00.07).

Казиева Аиданың диссертациясы бойынша:

1. Мандықаева Алмагуль Рамазановна – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 19.00.01);

2. Садвакасова Зухра Маратовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, жалпы және колданбалы психология кафедрасының профессоры м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.08).

Желдибаева Райгуль Сериковнаның диссертациясы бойынша:

1. Жусупова Жанна Азатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті (Ақтөбе қ., Қазақстан), (мамандық шифры:13.00.01);

2. Оразбаева Кульдархан Оналбековна – философия докторы (PhD), Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры (Көкшетау қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300).

Куатбеков Асхаттың диссертациясы бойынша:

1.Куанышева Бакыт Тауыпхановна – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Торайғыров университеті (Павлодар қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300- Педагогика және психология);

2.Бахишева Светлана Мендығалиевна – п.ғ.д. қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, (Орал қ., Қазақстан), (мамандық шифры:13.00.01)

Абилдаева Гульназ Сайлауовнаның диссертациясы бойынша:

1. Сарсенбаева Лязиза Оналбаевна – психология ғылымдарының докторы, доцент, МЕ ЖКББМ АФ Санкт-Петербург кәсіподақтар гуманитарлық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 19.00.10);

2. Шалабаева Лаура Исмаилбековна – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Қазақ спорт және туризм академиясы (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300- Педагогика және психология).

Елубай Еркинайдың диссертациясы бойынша:

1.Мухамбетжанова Сауле Талапеденовна – п.ғ.д., доцент, Өрлеу-Республикалық кәсіби даму институтының «Менеджмент және инклюзивтік білім беру» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры:13.00.02);

2.Майлыбаева Гульмира Сабыровна – философия докторы (PhD), І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессор м.а. (Талдықорған қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300 – педагогика және психология).

Косшыгулова Алия Сериковнаның диссертациясы бойынша:

1.Сматова Клара Бегалиевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.01);

2.Ешенкулова Динара Бауыржановна- философия докторы (PhD), Мирас Университеті (Шымкент қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300- Педагогика және психология).

Дементьева Наталья Григорьевнаның диссертациясы бойынша:

1.Жайтапова Алтнай Альбековна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.08);

2.Садвакасова Зухра Маратовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, жалпы және колданбалы психология кафедрасының профессоры м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.08).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

Басқа жоғары оқу орындарынан келген докторанттардың жұмысын жетілдіру мақсатында диссертациялық кеңестер жанынан құрылған әдіснамалық семинарлардан өткізуді ұсынамыз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	6D010300 - Педагогика және психология
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	1
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	
Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	
б) Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	

Диссертациялық кеңестің
төрағасы

Абдигапбарова

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы

Жундыбаева

« 31 » желтоқсан 2023 жыл

